



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯ
ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР
МИНИСТРЛІГІ

«ҚАЗГИДРОМЕТ»
Республикалық Мемлекеттік
кәсіпорны

2025–2026 ЖЫЛҒЫ ҚЫС МАУСЫМЫНЫҢ МАУСЫМДЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

*Қазақстан аумағындағы
орташа айлық ауа температурасы және айлық жауын-шашын
мөлшерінің аномалиясы*

ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ

- 2025–2026 жж. қыс маусымы жылы болды, орташа айлық ауа температурасы $+1,9^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болды. Алайда елдің батысында және қиыр шығысында ауа температурасы қалыпты болды.
- Қыс маусымындағы атмосфералық жауын-шашын елдің басым бөлігінде жауын-шашын тапшылығымен ерекшеленді.


Астана 2026

Шығарылымға жауаптылар:
Ә. Жақып – F3O K3B жетекші ғылыми қызметкері
Е. Аманулла – F3O K3B жетекші ғылыми қызметкері

ОРТАША АЙЛЫҚ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ АНОМАЛИЯЛАРЫ

Ауаның орташа температурасының **2025–2026 жылдардағы кезеңінде қысқы маусым** оң аномалиямен сипатталып, климаттық нормадан $+1,9\text{ }^{\circ}\text{C}$ асып түсті.


Ауа температурасының оң аномалиясы қыстың жылы жағдайларына қарай жоғарылауы байқалады және болып жатқан өзгерістердің тұрақты сипатын көрсетеді, әсіресе соңғы онжылдықта айқын көрініс табады (1–сурет).



1 – сурет. 1941–2026 жылдар кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша орташаланған жылдық ауа температурасының қыс маусымы ($^{\circ}\text{C}$) аномалияларының уақыттық қатарлары.

Аномалиялар 1991–2020 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген.

2025–2026 жж. қысқы маусымда Қазақстанның барлық аумағында ауа температурасының $+1^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары аномалиясы басым болып, Түркістан облысында $4,4^{\circ}\text{C}$ -қа жетті (2–сурет). Маңғыстау облысының аумағы мен елдің қиыр шығысы қалыпты температурамен сипатталды. Осы маусымда еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан 142 метеостанцияда 75–95 % аспау ықтималдығымен «жылы» градиациясына кірді. Алматы облысының Жалаңаш, Мыңжылқы, Алматы ОГМС, Үлкен Алматы көлі метеостанцияларында 95–100 %-дан аспау ықтималдығымен «экстремалды жылы» санатына сәйкес температура аномалиялары тіркелді.




2 – сурет. 1991–2020 жылдардағы кезеңге қатысты есептелген 2026 жылғы қыс маусымындағы орташа айлық ауа температурасы ($^{\circ}\text{C}$) аномалияларының кеңістіктік таралуы және 1941–2026 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы

АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ АЙЛЫҚ МӨЛШЕРІ


2025–2026 жылдардағы қысқы маусым ел аумағында жауын-шашын тапшылығымен сипатталды және нормаға қатысты –20 мм құрады.

Жауын-шашын аномалиясының динамикасы зерттеу кезеңінде жыл сайынғы айтарлықтай өзгергіштікті көрсетеді. Жауын-шашын мөлшері климаттық нормаға қатысты өсу мен төмендеу бағытында өзгерді.



3-сурет. 1941–2026 жылдар кезеңінде Қазақстан аумағындағы қыс маусымы бойынша кеңістіктік орташаланған жылдық (%) аномалиялардың уақыттық қатарлары. Аномалиялар 1991–2020 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген.

2025–2026 жж. қыс маусымында жауын-шашын нормасының 80 %-дан кем мөлшері Маңғыстау және Павлодар облыстарын қоспағанда, елдің барлық өңірлерінде байқалды (4-сурет). Климаттық норманың 120 %-дан асатын жауын-шашын мөлшері негізінен Атырау облысының батысында, Маңғыстау мен Павлодар облыстарының басым бөлігінде және де Ақмола, Қарағанды, Қызылорда мен Түркістан облыстарының кей жерлерінде тіркелді. Тайпак, Құйған, Мойынқұм, Қордай метеостанцияларының деректері бойынша 5 %-дық экстремум тіркеліп, «экстремалды құрғақ» градациясына кірді.



4-сурет. 2025–2026 жылдардағы қыс маусымының атмосфералық жауын-шашын мөлшері (1991–2020 жж. кезеңге есептелген нормадан % бойынша) мен атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы (1941–2026 жж. кезеңі)